


**Мектеп алды даярлық сыныбының тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

**Бекітемін:**

**Оқу ісі жөніндегі орынбасары:**  Аманшеева А.Ж

Сынып жетекшісі: Жумабекова М.Б

Білім беру ұйымы М. Жұмабаев атындағы ЖББОМ

Мектепалды даярлық О «Ә» сыныбы

Балалардың жасы 5 жас




Жоспардың құрылу кезеңі 22–26 сәуір 2023-2024 оқу жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту, бүгінгі ауа райы туралы балалардың ойын білу				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс- әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	«Әдебиет орталығы» «Тату доспыз бәріміз» тақырыбында сурет арқылы жұмыс жүргізу. Суретке қарап, әңгімелер құрайды. Туыспыз біз бәріміз, Бір Отанды сүйеміз. Бакытты елде туған соң, Бакытты өмір сүреміз! Өнер орталығы: әр ұлт өкілдерінің суретін салады.	Д/ойын: «Керісінше айт» Мақсаты: Балалардың сөздік қорына антоним сөздерін енгізу (жылы-суық, ыстық- суық, жарық - қараңғы және т.б.), айналы қоршаған ортаны терең түсіне білу.	«Бауырмал халық» Боямақпен жұмыс. Мақсаты: Қазақ халқы бауырмал халық. Біздің елімізде тұрып жатқан орыс, корей, түрі т.б халықтар біздің жерімізден жер беріп, жылы құшақпен қарсы алған. Суретте берілген қазақ, орыс, өзбек, татар халқының ұлттық киімінің ерекшелігін айтып, сәйкес түспен бастырып, бояуды ұсынамын. Бакытты елде туған соң,	Үстел- үсті ойын: «Паздарды құрастырамыз» «Әрқашан күн сонбесін!» Мақсаты: конструктормен, есептеу таяқшалармен өз еркімен құрастыру. Логикалық ойлау қабілетін дамыту. Көліктер жайлы әңгімелесу.	Д/ойын: «Достық» Мақсаты: 1 мамыр- Қазақстан халықтар бірлігі күні екенін оқушыларға жеткізу, <b>Ынтымақтыққа, достыққа, өз Отанын сүйуге, қорғауға тәрбиелеу.</b>

Ертеңгілік жаттығу	Таңғы жаттығу кешені № 12				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық (бұдан әрі-ҮІӨ)	Мнемосхемамен «Дос» туралы мақал-мәтелдер Доссыз өмір-бос. Жүз сомың болғанша, Жүз досың болсын.	«Достық үйін құрамыз» Дөңгелене тұрамыз, Керегені құрамыз. Уықтар боп иіліп, Шаңыраққа киіліп, Достық үйін құрамыз.	«Болмасын еш тосқауыл» Жаксылыққа, бакытқа, Талпынған әр уақытта. Бала біткен дос, бауыр, Болмасын еш тосқауыл.	«Күлімде, Күн, күлімде» Күлімде, Күн, күлімде, Күлсін барлық бала шат! Берекелі бүгіндей Бейбіт болсын болашақ.	«Ағайынбыз бәріміз!» Ақпыз, қара, сарымыз, Ағайынбыз бәріміз. Ортақ болсын асар тау, Жеміс толы бақша- бау. Болсын жер мен су ортақ, Болсын бізге ну ортақ. Ақпыз, қара, сарымыз, Ағайынбыз бәріміз!
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҮІӨ	<b>1 - ұйымдастырылған іс-әрекет</b>				
	<p><b>Сөйлеуді дамыту</b> <b>Міндеті</b> Сөйлеу әдебін, жай және жайылма сөйлемдерді қолдану дағдыларын қалыптастыру <b>Мақсаты</b> Балаларды үй жануарларына қамқор болуға тәрбиелеу</p> <p>Дидактикалық ойын: «Таңдап ал да, дауысын сал». Ойын шарты: Дәптер бойынша орындалады. Дәптердегі тапсырма орындалады. Үй жануарларының суретін таңдап алып, дауысын салып береді</p>	<p><b>Дене шынықтыру</b> <b>Міндеті:</b> - Гимнастикалық қабырғаға арқасымен сүйеніп тұрып, белінің деңгейіндегі рейкадан ұстап, аяқты кезектестіре бұту және тік көтеру <b>Мақсаты</b> Гимнастикалық баспалдаққа өрмелеп, сатыдан-сатыға ауысу дағдыларын дамыту</p> <p>Гимнастикалық қабырғаға қиғаш өрмелеу. Қол мен аяқтың қимылын үйлестіру. Гимнастикалық қабырғамен жоғары өрмелеп, төмен қарай қиғаш түсу. Қолмен сатылардан ұстап алып отырады. Сосын аяқтарын сатыларға қояды. Қолды дұрыс қойып ұстау. Төрт саусақты үстінен, бас бармақты астынан қойып ұстайды.</p>	<p><b>Сауат ашу негіздері</b> <b>Міндеті</b> Дыбыстық талдауды жасауды үйретуді жалғастыру <b>Мақсаты</b> дыбыстық талдауды жасауды үйретуді жалғастыру.</p> <p><b>Дидактикалық ойын:</b> <b>«Қағып ал»</b> – Мен сендерге сөздің бірінші дыбысын айқынырақ айтып, допты лақтырамын. Сендер мен айқынырақ айтқан дыбысты қайталап допты өзіме лақтырасыңдар Мысалы: ккқасқыр(қ), ееетік(е), тттүлкі(т), өөөрік(ө), бббалық(б), ссссағат(с), ааалқа(а), жжжаз(ж), мммоншак(м), ккқоңыз(қ), ккқолшатыр(қ), бббілезік(б), жжжұлдызша(ж), ооотын(о), ккқарға(қ), ссссазан(с), шшшахмат(ш), ттттау(т), ккккерік(к), эээтеш(ә), ееесек(е), тттүйе(т), мммандарин(м),</p>	<p><b>Сауат ашу негіздері</b> <b>Міндеті</b> -Буынға буын қосып, сөз құрауға жаттықтыру арқылы сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру. <b>Мақсаты</b> Буынға буын қосып, сөз құрауға жаттықтыру арқылы сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру</p> <p>Дидактикалық жаттығу: «Буындардан сөз құра» – Балалар, мен буындар айтамын сендер сөз құралатындай екінші буынды айтуларың керек. Мысалы: Мақ-та, жапа-лақ, дәп-тер, кар-топ, жыл-қы, ма-са, көбе-лек, домбы-ра, арыс-тан, қо-ян, май-мыл, жану-ар, жаң-быр, шал-бар, қыза-нақ, қырық-қабат, даң-ғыл, қоңы-рау, мек-теп, шал-қан, зымы-ран, тек-ше, теле-фон, жұл-дыз, қо-раз, қо-быз, қылқа-лам т.б. – Балалар, сендер балабақшаға келе жатқанда жолда, нелерді немесе кімдерді көресіңдер? Айтып беріңдерші</p>	<p><b>Көркем әдебиет</b> <b>Міндеті:</b> Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту <b>Мақсаты</b> қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі туралы түсінігін қалыптастыру</p> <p>Суретте жылдың қай мезгілі бейнеленген? Атасы мен немересі не туралы сөйлесіп отыр? Жайлаудан қандай жануарларды көріп тұрсың? Ата. 2. Не артық? Қоршап сыз. 3. Киіз үйдің суретін сал. 4. Жұмбақты шеш. Ұқсайтын шеңберге Қабырғасы жиылып, керіледі. Жиһазы мол кең бөлме, Төбесінен жұлдыздар көрінеді. (Киіз үй)</p>




## 2 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	<p><b>Қоршаған орта</b> Міндеті: Тірі және өлі табиғаттың маңыздылығын түсіну Мақсаты Балалардың «Өлі және тірі табиғат» тақырыбында білімдерін тереңдету, қоршаған орта жайлы танымдық әрекет шындау. Балалардың ақыл — ойын, түсінігін, білімін, табиғат туралы білімін, қызығушылығын зейінін дамыту.</p> <p>Табиғат ананың хаты Сәлеметсіз бе балалар! Мені барлық балалар жақсы біледі. Балалар осы «Өлі және тірі табиғатты» жайлы айтып беріңдерші, оларды зерттеп, санап, түрлерін атап, «Өлі және тірі табиғатты» жайлы қызықты ертегі әңгімелеп беріңдерші. – Ал, балалар Табиғат ананың тапсырмасын орындаймызба? Тәжірибе: Ыдыстағы құмды ұлғайтқыш әйнекпен қарау. Ұсақ бір — біріне жабыспайды. Ыдыстағы құмның жел тұрғанда ұшуы. Сок ішуге арналған түтікшемен құмды үрлеу, жеңіл, жел тұрса ұшады. Ыдыстағы құмға су құю. Ыдыстағы құмға, су құйса балшыққа айналады. Тасты бақылау. Су құйса да жылтырап жата береді, түрі түсі өзгермейді, майдаланып балшыққа айналмайды, жел үрлесе де қозғалмайды. Ауыр зат. (Балалардың тәжірибе жасауы) 3) Ойын — ойнау, «Құм, тас, су. Басы «құм» дегенде әр жерде шашыраңқы болып отыру. «Тас» дегенде өз қолымен мүсін жасап тұра қалу, «су» дегенде толқын жасап қозғалу». (Балалар қимылмен көрсетеді) Табиғат туралы мақал — мәтелдер:</p>	<p><b>Математика негіздері</b> Міндеті: Алған дағдылары мен білімдерін жүйелеу және бекіту Мақсаты алған дағдылары мен білімдерін жүйелеу және бекіту.</p> <p>осыған дейін не үйренгенімізді еске түсіреміз. Білімдерімізді жүйелеп көрсетеміз. Балалар жарысқа деген қызығушылықтарын көрсетеді. Топтарға бөлінеді: бірінші команда Әлияның командасы, екінші команда Сырымдікі</p> <p>тапсырма. Тақтадағы нүктелері бар жұпты – шаршылар карточкаларын қарандар. Карточкаларды қарайды жұптасу жолын анықтайды, соңғы карточканы толықтырады. – Тақтадағы фишкаларға қарандар. – Олардың ұқсастығы қандай? – Айырмашылығы неде? – Соңғы карточканы толықтыр. Балалар карточкаларды қарайды, жұптастыру принципін анықтайды, соңғы суретті салады: біріншісінде - бір нүкте, екіншісінде - 6 нүкте</p> 	<p><b>Математика негіздері</b> Міндеті 10 көлемінде тура және кері санау, геометриялық пішіндер мен денелер атауын бекіту Мақсаты: алған дағдылары мен білімдерін жүйелеу және бекіту.</p> <p>Топтар хормен тура және кері санайды. Бір санды аттап санайды. Балалар дауыстап тура және кері санайды, топтар бір саннан аттап санайды</p> <p>Суретті қарандар. Неше пішін? Оларды атаңдар. Пішіндерді қарайды, шаршы екенін анықтап, санайды.</p> 	<p><b>Қоршаған орта</b> Міндеті: Өсімдік жапырақтары, сабақтарының қозғалуы, гүлдердің күн шыққанда жапырақтарының ашылуы және кешке жабылуы бақылау Мақсаты Балаларға қоршаған ортадағы тірі және өлі табиғат туралы түсінік беру. Олардың бір-бірімен байланысы жайлы мағлұмат беру, танымдық әрекетін шыңда (Ыдысқа пияз отырғызу) Пияз туралы балаларға түсінік беремін. Біздің табиғат бұрышында көптеген әдемі, әсем гүлдер өсіп тұр бірақ соның ішінде денсаулыққа пайдалы пияз жоқ, сондықтан біз бүгін сендермен ыдысқа пиязды отырғызамыз деп, балаларға пиязды егу тәсілін көрсетемін. Ең алдыменен мына ыдысқа жер саламыз, одан кейін пиязды саламыз да, жермен жабамыз. Енді су құямыз, осы кезде 1-2 баланы пиязды егуге шақырамын. Көрдіндер ме балалар, тірі табиғат өлі табиғатсыз өспейді. 1-2 бала шығып пияз егуге көмектеседі. Біздің пиязымыз өсу үшін не керек екен? Енді еккен пиязымызды терезенің алдына қойып, күнде кезекпен сугарып, өсуін бақылып отырамыз. Өздерін бағалау Су, жер керек. Балалар, мына пырша жай тұрған жоқ? Балалар сендердің алдарыңда жұлдызша және дөңгелек пішіндер тұр. Бүгін сабаққа өте жақсы белсенді қатыстым деген</p>	<p><b>Математика негіздері</b> Міндеті Есеп шығару, заттарды салмағы бойынша салыстыру біліктерін бекіту Мақсаты алған дағдылары мен білімдерін жүйелеу және бекіту.</p> <p>Суретке қарап есептер құрастырып, мысалдар жазыңдар.</p> 
--	--	--	--	--	--

	Таза болса табиғат Аман болар адамзат. Туған жердің суы тәтті Топырағы да ыстық			бала жұлдызшаны, ал орташа қатыстым деген бала дөңгелекті шыршаға іледі. Қане балалар өздеріңді бағалап көріңдерші,- деймін. Балалар тақтада ілініп тұрған шыршаға не жұлдызшаны болмаса дөңгелекті алып іледі. Қараңдаршы балалар, шыршамыз қандай әдемі болды, деймін де сұрақ – жауап арқылы оқу іс-әрекетін қортындылаймын.	
--	--	--	--	--	--

**Үзіліс:**

<p><b>Саусақ ойыны: «Тасбақа»</b>  <b>Мақсаты:</b> Ұсақ моториканың қимылдары мен қолдың икемдігі бас миының құрылымының даму деңгейін көрсетеді. саусақтардың көмегі арқылы қандай да бір ұйқастырылған тарихты, тақпақтарды, ертегілерді сахналау, қолмен орындау.</p> <p><b>1.Тасбақа</b></p> <p>Тасбақа, тасбақа,  Тас астында тұрады.  Басын баяу шығарып,  Тиіссең кері тығады.</p>  <p>Жұдырықты түйіп, бас бармақты шығарады да, тасбақаны бейнелейді.. Өлең мазмұнына қарай саусақты кері жасырады. Осы тектес келесі өлеңдерге де қимыл жасауға болады.</p>	<p><b>Психологиялық ойын:</b></p> <p><b>Ойын: «Тыныштықты жақсы көретін патша»</b></p> <p><b>Мақсаты:</b> Өзін - өзі одан әрі ашу, өзін - өзі тану, өзінің және айналасындағылардың психологиялық мінездемесін анықтау және талдау іскерлігін дамыту.</p> <p><b>Ойын шарты:</b></p> <p>Патша шуды жек көреді, сондықтан ханзаданың көңіл - күйін бұзбау үшін барлығымыз шуламай тыныш қозғаламыз. Патша аяқтың ұшымен жүреді, оның жүрісі жеңіл, баяу. Бұл ролді бір бала атқарады. Жүргізуші келесі сөзді айтады: «Барлық балалар, патшадан басқа бөлменің әр жеріне тұра қалады. Патша саусағын ауызына тигізіп, «Ш - ш - ш, ханзада келе жатыр!» деп, бөлмені аралай бастайды. Барлығы «қатып» қалу керек, ал патша әрқайсысын айналып шығады. Кез келген баланың қасына келіп, саусағын баланың мұрнына тигізеді. Сол бала аяқтың ұшымен патшаның артынан жүре бастайды. Келесі балаға жақындаған патша саусағын баланың мұрнына тигізеді, ол бірінші баланың соңына тұрып, аяқтың ұшымен патшаның артынан жүре бастайды. Сол тәртіппен ойын жалғаса береді. Барлық балалар патшаның артына</p>	<p><b>Аз қимылды ойын:</b></p> <p><b>Ойын: «Қуғыншыдан құтқару»</b></p> <p><b>Мақсаты:</b> балаларға тез бұлтарып жүгіру тәсілдерін меңгерту.</p> <p><b>Ойын шарты:</b>  <b>Мазмұны:</b> Алаңда үлкен шеңбер немесе төртбұрыш сызылып, ойнайтын жер алдын ала дайындалады. Ойыншылардың арасынан санамақ арқылы бір «қуғыншы» сайланады. Ойын алаңнан шықпай, ішінде жүріп ойналады.  Мұғалімнің «Қуғыншы табылды!» деген белгісінен кейін сайланған бала қолын жоғары көтеріп: «Мен қуғыншы!» – деп айқайлайды да, балаларды қуа жөнеледі.  Қуғыншының қолы тиген ойыншы қолын жоғары көтеріп , қуғыншы болғанын білдіреді де, ойынды әрі қарай жалғастырады. Бірақ ойыншылар қуғыншыдан бір-бірін құтқаруларына болады. Ол үшін : қашып келе жатқан ойыншы мен қуғыншы екеуінің арасынан кесіп жүгіріп өтсе;  Қашып келе жатқан ойыншыға қол тигізсе;  Қашып келе жатқан ойыншымен қол алысса, онда қуғыншы сол ойыншыны қуады.</p> <p><b>Ойынның ережесі:</b>  1. Қуғыншы қолын көтеріп: «Мен қуғыншы» деп басқаларға ескерткеннен кейін ғана ойыншыларды ұстауына болады.</p>
--	---	---

### Фонетикалық жаттығулар

**Мақсаты:** Фонетикалық жаттығуды орындау барысындағы басты міндетіміз баланың нақты дыбыстарды дыбыстауы барысында дұрыс тыныс алуын және артикуляциясын қадағалау болып табылады.

1. Баудағы кім?

Ара болсаң, ызыңда

3-3-з, ж-ж-ж, з- з-з, ж-ж-ж

Жұмыс істе, тығылма.

- Ара қалай дыбыстайды?


(з- з-з) - қатты/жай



2. Жыланның ысылы.

Жылан қалай дыбыстайды?

Ыс-с—ыс-сссс....



**3. Шалқан.** Шалқан үлкен болып өсіп қалған екен. Оны көрген атай: «О...о...о!» деп таң қалды.



жиналғаннан кейін, патша кез келген артындағы балаға қарап, «Ш - ш - ш» дейді, сонда сол бала өз орнына тыныш, аяқ ұшымен оралады. Барлығы орнына тұрғаннан кейін ойын аяқталады.

"Қисық сурет" атты суретті жаттығу өткізіліп, оң және сол жарты шарлар басымдылығын анықтауға арналған қысқаша тест, сонымен қатар оптимистік бағдарды анықтауға арналған сауалнама алынды.



2. Ойын алаңынан шығып кеткен ойыншы ойыннан шығады. Әдістемелік нұсқаулар.

Бұл ойынды ұйымдастыру үшін алаңды дұрыс таңдаған жөн. Ойыншылар жүргірген кезде бір-біріне немесе басқа заттарға соғылып қалмау үшін қадағалау керек.

Ойын қызықты өтуі үшін ойынның мазмұнына әртүрлі қосымша тапсырмалар енгізуге болады.

Бір ойында бір қуғыншы ғана емес, бірнеше қуғыншы сайлауға болады.

Ойынның педагогикалық маңызы.

Ойынның педагогикалық маңызы өте зор. Ойыншылар жолдастықты іс жүзінде көрсете алады. Достары көп болғанның пайдасын көреді. Қауіптен қорықпай, қиыншылыққа қарсы тұруға дағдыланады.

Ойын барысында ойыншылар жүгіру жаттығуларын орындау тәсілдерін жетілдіреді. Өз қимыл –қозғалысын өзгелермен үйлестіруге үйренеді. Шапшаң, епті қимылдауға жаттығады.



### 3 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	<p><b>Шығармашылық бейнелеу әрекеті</b>  <b>Міндеті:</b> - - күрделі пішіндегі бірнеше заттардың көлеміндегі айырмашылықты көре білуге үйрету, әуе ұшақтары, аспан планеталары туралы білімдерін жетілдіру  -- Заттардың ұзын және қысқа, жуан және жіңішке белгілерін көрсете білу, бөліктердің салыстырмалы көлемдерін сақтау  - Қағаздан таныс немесе ойдан әртүрлі бейнелерді, қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді және екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды кию  - Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып, елестетуі, ойлауы бойынша қолдан бұйымдар жасай білу  <b>Мақсаты</b> –ұшақ суретін салуүмүсіндеу,жапсыру, құрастыру</p> <p>Топтық жұмыс</p>	<p><b>Қазақ тілі</b>  Міндеті - Өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастыр  Мақсаты сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, үй жануарлары мен төлдерін топтай алуға жаттықтыру,</p> <p>Ұнтаспадан жануарлардың дауыстары естіледі.  – Балалар бұл ненің даусы?  Мәтін оқу. «Адам жылқы, түйе, сиыр, қой, ешкі, ит, мысықты күтіп-баптап өсіреді. Сол үшін үй жануарлары деп аталады. Үй жануарлары адамға көп пайда келтіреді. Жылқы – көлік, оны арба мен шанаға жегеді. Жылқының сүтін ашытып, қымыз жасайды. Қымыз – сусын. Сиыр, қой, түйе, ешкінің сүті мен еті – тамақ. Қой, түйе, ешкі жүнінен киім және тағы да басқа тұрмыстық заттар жасалады». – Мәтінде қандай таныс сөздер бар? – Қой, түйе, сиыр, ешкі, жылқы. – Үй жануарларының пайдасы қандай? – Үй жануарларының еті мен сүті бізге тамақ болады. Жүнінен киім т.б. заттар жасалады. – Адамдар үй жануарларын қалай күтеді? – Адамдар қойға, түйеге, сиырға, ешкіге, жылқыға шөп, су береді</p>	<p><b>Сөйлеуді дамыту</b>  Міндеті: - Интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді дамыту  Мақсаты алБан б3лЗмдер3н пысы0тау</p> <p>Таңдаған ертегіні сахналау</p>	<p><b>Көркем әдебиет</b>  Міндеті: Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту  Мақсаты қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі туралы түсінігін қалыптастыру</p> <p>Киіз үйді, киіз үй ішіндегі жиһаздардың, киіз, текемет суреттерін көрсету.  – Суреттен не көріп тұрсындар?  – Бүгін қазақ халқының ежелгі баспанасы – киіз үй туралы әңгімелейміз. Киіз үй – ата-бабамыздан келе жатқан асыл мұра. Киіз үй көшіп-қонып жүргенге өте қолайлы.  Киіз үй тегіс, су баспайтын құрғақ жерге тігіледі. Қыста жылы, жазда салқын. Үйдің жабулары киізден жасалғандықтан, «киіз үй» деп атаған.  – Бүгін біз ақын Қастек Баянбайдың «Киіз үй» өлеңімен танысамыз.  Өлең – әдеби жанрдың бір түрі. Айырықша сезімдерді ұйқас сөздермен суреттейді.  Педагог өлеңді мәнерлеп оқып береді  Өлең мазмұны бойынша сұрақтар:  – Өлең саған ұнады ма?  – Авторы кім?  – Өлең қалай аталады?  – Өлеңде не туралы айтылған?  – Киіз үйдің пішіні қандай?  Өлең мазмұны бойынша сұрақтар:  – Өлең саған ұнады ма?  – Авторы кім?  – Өлең қалай аталады?  – Өлеңде не туралы айтылған?  – Киіз үйдің пішіні қандай?</p>	<p><b>Қазақ тілі</b>  Міндеті: Балалардың түрлі әрекеттерінде бір-бірімен еркін диалог құруға мүмкіндік беру,-  Мақсаты ертегі кейіпкерлерінің іс-әрекеттерін, сөздерін мәнерлеп жеткізе білуге үйрету</p> <p>Балалар, аналарын нанды қайдан алады? Дүкенге нан қайдан келеді білесіңдер ме?  Педагог «Нан қайдан шығады?» (М. Етекбаев) ертегісін балаларға ұсынады.  Иллюстрациялар көрсетіле отырып, ертегі оқылады.  Ертегі не туралы?  Жаңа сөздермен таныстыру.  – Мынау – сатушы. Са-ту-шы.  – Мынау кім?  – Мынау – сатушы.  – Сатушы нан сатады.  – Сатушы не істейді?  – Сатушы нан сатады.  – Мынау наубайшы. Нау – бай - шы.  – Мынау кім?  – Мынау – наубайшы.  – Наубайшы нан пісіреді.  – Наубайшы не пісіреді?  – Наубайшы нан пісіреді.  – Мынау – бидай.  – Мынау не?  – Мынау – бидай.  – Мынау – диірменші.  – Мынау кім?  – Мынау – диірменші.  – Диірменші бидайдан ұн жасайды.  – Диірменші бидайдан не жасайды?  – Диірменші бидайдан ұн жасайды.  – Мынау – ұн.</p>
--	---	--	---	---	--

Үзіліс:

**Сюжетті - рөлді ойын: «Тігінші»**

**Мақсаты:** Балалардың тіл байлығын дамыту, сурет бойынша әңгімелей білуге дағдыландыру. Балалардың коммуниктивті дағдыларын арттыру, бір - бірімен диалог арқылы сөйлесуге үйрету, есте сақтау қабілеттерін дамыту, өзіне сенімді болуға, үлкендердің еңбегін құрметтей білуге тәрбиелеу.

**Көрнекіліктер:** Киімдер, бас киімдер, тігіншіге керек заттар(ине, метр, қайшы, жіп), іс машинасы, киім үлгілері, маталар.

**Ойын барысы:**

Ұйымдастыру кезеңі.

Өнерім қол ұшында,

Боламын мен тігінші

Тігіншінің ішінде,

Бас бармақтай бірінші.

**Ойын: «Дұрысын тап»**

**Мақсаты:** Мамандықтарға байланысты киім үлгілерін бір - біріне үйлестіру.

**Тәрбиеші:** Балалар әр мамандық иелері өздеріне сай киім киеді. Дәрігерлер ақ қалпақ пен халат кесе, ал құрылысшылар каска мен үстеріне арнайы халат киеді. Суреттегі киім үлгісі кімге лайықты екенін табындар.

Балалар өздері ойлап, белгілей бастайды, сызады.

Тәрбиеші: Балалар аспазшы не киеді?

Шаштараз не киеді?

Балалар белгілеп береді.

- Ендеше, сендер түсінген боларсындар. Бұл - ойынды біз не үшін ойнағанымызды түсіндіріңдер. Бүгін біз қандай ойын ойнайтынымызды білдіңдер.

**Ойын: «Тігінші»**

**Тәрбиеші:** Балалар тігіншілер не істейді? (киім тігеді)

Бірінші киім тігу үшін киініп алуымыз керек.

Балалар рөлдерді өздері бөліп алады. Бірі тігінші, бірі киім өлшеуші, бірі үтіктеуші болып бөлінеді. Айсара өзінің көйлегін қысқартып беруін сұрайды. Диляра қайшысын алып қиып, тігіп береді. Ал Сәния болса көйлекті үтіктеп береді. Келесі бала шалбар әкеледі. Одан қуыршаққа желетке тігеді. Ұшы жоқ қайшы болуы керек. Ойынды балалар өз қиялдары мен қалаулары бойынша әрі қарай жалғастырады. Бір - бірімен рөлдерді бөлісіп, ұйымшылдықпен ойнайды. Тәрбиеші әр уақытта балаларға көмек көрсетуі тиіс.



**Артикуляциялық жаттығулар:**

**Ойын: « Часы» «Сағат»**

**Мақсаты:** Тілдерінде артикуляциялық кемістігі бар балалармен үзбей күнделікті жасау арқылы біз алдымызға қойған мақсатымызға жетеміз. Сабак үстінде, ойын кезінде қадағалап балалардың тілін дұрыс дамуына бағыт беру.

Ата – аналармен бірлесе қарым – қатынас жасай отырып ортақ мақсатымызға жетеміз.

• **«Сағат»** – тілді жіңішкерттіп ұстап оңға, солға жайлап қозғау керек. Осылай санап отырып 15 - 20 рет қайталау керек.

• **«Саңырауқұлақ»** - ауызды кең ашып, тілді тандайға жапсыра ұстап тұрып төменгі жақты басып ауызды кең ашып ұстау.

**«Дәмді тосап»**

**Мақсаты:** жалпақ тілдің ұшының жоғары көтеруін және тілді кесе (ожау) тәрізді қалыпта ұстауын үйрету.

**Қысқаша сипаттамасы:** Жалпақ тілмен жоғары ерінді жалап, ауыз қуысына кіргізу.

**Әдістемелік нұсқау.**

1. Жаттығуда орындаған кезде тек тіл жұмыс істеуін, иектің қимылдамауын қадағалау керек.
2. Тіл жалпақ болып бүйірлер ауыз бұрыштарына тиіп тұруы керек.
3. Тіл оңға - солға емес, тек төмен және жоғары қозғалу керек.
4. Егер бала жаттығуды жасай алмай жатса, «пя - пя - пя» жаттығуына оралу қажет. Бала тілін жалпақ қалпына келтірген соң шпательмен тілді жоғары ерінің үстіне қайыру керек.





#### 4 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	<p><b>Сауат ашу негіздері</b>  <b>Міндеті:</b> -Сөзде түсіп қалған тиісті дыбысты табу, қандай да бір дыбысқа сөз құрау секілді тапсырмалар арқылы сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру  <b>Мақсаты</b> Сызбаға сәйкес сөйлем құрауға, сөздер ішінен мағынасына қарай артық сөзді таба білу дағыларын жетілдіру.</p> <p>Педагог: Балалар, енді «Сөз жарысын» ұйымдастырайық. Мен бір тақырып айтамын сендер сол тақырыпқа байланысты ғана сөздерді буынға бөлулерің қажет. Мысалы: киімдер, гүлдер, сандар т.б. Кім көп сөз айтып, буынға бөлсе, сол жеңімпаз болады (сөз айтып, буынға бөлген балаға жұлдызша беріліп отырады). Жұлдызшаны санау арқылы жеңімпаз анықталады.</p>	<p><b>Музыка</b>  <b>Міндеті:</b> - Музыкалық мәнерлілік құралдары мен сипатын егжей-тегжейлі ажырату қабілетін дамыту  <b>Мақсаты</b> Музыкалық мәнерлілік құралдары мен сипатын егжей-тегжейлі ажырату қабілетін дамыту.  <b>Музыка тыңдау:</b>  <b>«Көкек» (Х. Мұхамедова)</b>  <b>Ән айту:</b>  <b>«Көктем» (А. Жайымов)</b>  <b>«Ғарышкер боламыз» (Ш. Мұхамеджанов)</b>  <b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:</b>  <b>«Құстар» (Т. Ломова)</b>  <b>Билер: «Көкпар» бии («Билеп үйренейік» жинағынан)</b>  <b>Ойындар, хороводтар:</b>  <b>«Не қалай шақырады?» (Музыкалық-дидактикалық ойын) Музыкалық аспапта ойнау:</b>  <b>«Ұйықташы, бөпешім» (В. Агафонников)</b></p>	<p><b>Музыка</b>  <b>Міндеті</b> - Музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұны мен музыкалық мәнерлілік элементтерімен байланыстыру  <b>Мақсаты</b> . Музыкалық мәнерлілік құралдары мен сипатын егжей-тегжейлі ажырату қабілетін дамыту.  <b>Музыка тыңдау:</b>  <b>«Көкек» (Х. Мұхамедова)</b>  <b>Ән айту:</b>  <b>«Көктем» (А. Жайымов)</b>  <b>«Ғарышкер боламыз» (Ш. Мұхамеджанов)</b>  <b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:</b>  <b>«Құстар» (Т. Ломова)</b>  <b>Билер: «Көкпар» бии («Билеп үйренейік» жинағынан)</b>  <b>Ойындар, хороводтар:</b>  <b>«Не қалай шақырады?» (Музыкалық-дидактикалық ойын)</b>  <b>Музыкалық аспапта ойнау:</b>  <b>«Ұйықташы, бөпешім»</b></p>	<p><b>Дене шынықтыру</b>  <b>Міндеті:</b> - Екі бала жұптасып жасайды: бірінші бала қолын желкесіне қойып, шалқасынан жатып, денесін көтереді, екінші бала оның аяғына отырады (5-6 рет);  <b>Мақсаты</b> Қимыл әрекеттердің еркін орындалуын, себетке допты аяқты бүгіп, жаза келе дәлдеп лақтыруды, бастапқы қалыпқа дұрыс келе білуді үйрету</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Тұзақ»  Ойыншылар бірінің ішінде бірі орналасқан екі шеңберге тұрады. Екі шеңбер екі бағытта қозғалады. Бастаушының белгісімен екі шеңбер бір уақытта тоқтап, ішкі шеңбердегі балалар қолдарын жоғары көтеріп, «қақпа» жасайды. Сыртқы шеңбердегі балалар «қақпадан» бір кіріп, бір шығып жүреді. Бастаушы тағы белгі бергенде ішкі шеңбер «қақпаны» күрт жабады да, шеңбер ішінде қалып қойған балалар тұзаққа түседі. Олар енді ішкі шеңберге қосылады. Ойын осылайша жалғаса береді. Өзін-өзі уқалау:</p>	<p><b>Дене шынықтыру</b>  <b>Міндеті:</b> . -3-5 метр қашықтықта екі қолын жерге қойып, жүру (бір бала екінші баланы аяғынан ұстайды).  <b>Мақсаты</b> - Қимыл әрекеттердің еркін орындалуын, себетке допты аяқты бүгіп, жаза келе дәлдеп лақтыруды, бастапқы қалыпқа дұрыс келе білуді үйрету</p> <p><b>Баскетбол себетіне доп лақтыру.</b>  Допты кеуде деңгейінде ұстап, балалар қолдарын өзіне қарай төмен айналдырып, сосын түзете жазып жоғары көтереді де, қолының басы мен саусақтарын ашып, итерген қимыл жасайды. Доптан көзін алмай, шынтақтарын екі жаққа жібермей, жинап ұстайды.  Баскетбол қалқанынан 2,5 метр қашықтықта тізбектерге тұрады. Бастапқы қалыпқа дұрыстап тұрады.</p>
--	---	---	---	--	--

			<b>(В. Агафонников)</b>	«Балақан, қандай жақсы алақан!»	Аяқтарын тізеден аздап бүгеді. Аяқтарын иық деңгейіне қойып, бір аяғын аздап алдыға шығарады. Денесі алдыға итеріліп, бар салмақ екі аяққа бөлінеді. Қолдар шынтақтан аздап бүгіліп, кеуденің тұсында тұруы керек. Допты бір орында тұрып, екі қолмен кеудеден себетке лақтырады.
<b>Серуенге дайындық</b>	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.

<p><b>Серуен</b></p>	<p><b>Сәуір</b> <b>Серуен-Бақылау №18</b> <b>Бақылау: Бақбақ гүлін бақылау</b> <b>Мақсаты:</b> <i>бақбақ гүлі туралы білімдерін тиянақтау</i> (гүлдеудің алғашқы кезеңіне көңіл аудару); — табиғатты қорғау және сақтауға деген ынталары мен іскерліктерін қалыптастыру; — емдік өсімдіктер туралы білімдерін тиянақтау. <b>Бақылау барысы</b> <b>Көркем сөз.</b> <i>Аппақ, аппақ бақбақтар, Үлбіреген бақбақтар, Күдды киіз ақ үйлер. Парашюттен аумайды. Төнеді кеп жан-жақтан, Сәл-пәл самал жел соқса, Тамашалап сәбилер. Ақ ұлпалар заулайды. Кәдімгі бақбақ көктемнің тұңғышы. Халық оны «Жер күні», «денсаулық эликсирі» деп атайды. Бақбақ көп жылдық шөптес өсімдік. Олар көбінесе үлкен жүргінші жол бойында, егістікте, шабындықта, жаңа тыңая бастаған жерлерде өседі. Бақбақтың гүлді сабақтары жапырақсыз, ең ұшында бір ірі гүл табақшасы болады. Бақбақ басын күн қызуына қарай бұрады. Күн батқан кезде гүл жапырақтары жабылып қалады, ал, таңертең күн сәулесімен бірге ашылады. Бақбақ-тың гүл оралғысы екі қабат. Сәуір айынан қыр-күйек айына дейін гүлдейді. Гүл жарып болған кезде гүлдері ұлпа үлпілдек «парашюттерге» ай-налады. Бақбақтың барлық бөлігі, әсіресе сабағы сүт сымал бай. Бақбақ дәрілік өсімдік. Дәрі жасау үшін бақбақтың тамырын, гүлін, жапырағын пайдаланады. Бақбақтан жасалған дәрілер тәбетті ашуға, ас қорытуға, қан қысымын түсіруге, қатты ісіктерді басуға, ыстықты түсіруге тағы басқа көптеген ауруларды емдеуге пайдаланады.</i></p>	<p><b>Сәуір</b> <b>Серуен-Бақылау №19</b> <b>Бақылау: Жолжелкенді бақылау</b> <b>Мақсаты:</b> <i>емдік өсімдіктер туралы түсініктерін қалыптастыруда танымдық белсенділіктерін дамытуды жалғастыру. Жолжелкеннің ерекшелігі мен емдік қасиеті туралы білімдерін молайту.</i> <b>Бақылау барысы</b> <b>Тәрбиеші әңгімесі</b> <i>-Жолжелкен қазақстанның барлық жерінде өседі. Көше бойлап келе жатсаң жол жиегінде, өзен бойы, шалғындық алқаптарда көптеп кездеседі. Сондықтан да болар бұл өсімдікті «жолжелкен» деп атайтыны. Адам аяғы баспайтын жерлерде жолжелкенді кездестірмейсің. Күзде жолжелкеннің гүлдері тұқым шашқан кезде, ол аяқкіімге жабысып барып, басқа жерлерге дәннің түсуіне байланысты, кез келген жерде өсіп шығады. Жолжелкен маусымнан қыркүйек аралығында гүлдейді. Оның жапырақтарын маусым, шілде айларында жинайды. Жолжелкеннің жапыраған сабағымен қоса бүлдірмей алып, көлеңке жерде кептіреді. Жолжелкеннің жапырақтары дене сыртындағы аққан қанды тоқтатуға, күйген жараға, іріңді ісікке, шиқанға қолданылады. Жолжелкеннің шырынын жәндіктер шаққан жерге, асқазан ауруына, шанишуга, мұрыннан қан аққанда және дизентерияға пайдаланады. Балаларға сұрақтар:</i> ♦ Мамыр айын халықта қалай атайды? (<i>шешек айы</i>) ♦ Өсімдіктер қай жерде бар да, қай жерде жоқ? (<i>күннің көзі көп түскен жерде бар</i>)</p>	<p><b>Сәуір</b> <b>Серуен-Бақылау №20</b> <b>Бақылау: Жәндіктерді бақылау</b> <b>Мақсаты:</b> <i>«Жәндіктер» сөзінің мағынасы туралы түсініктерін тиянақтау;</i> — Оларды тіршілік ету ерекшеліктеріне қарай салыстыра білуге үйрету. <b>Бақылау барысы</b> <b>Тәрбиеші жұмбақтар жасырады:</b> *Гүлдің нәрін жинайды, Адамға бал сыйлайды. Енбеккорды аялайды, Еріншекті аямайды. Бұл не? (ара) *Қанды сорып сүліктей, Ызындап кеп шағады. Бұл қандай бүлік той? (маса) *Ызындап ән салып, Жүп-жұқа қанаты. Тәттіге тамсанып, Қоқысқа қонады. Бұл не? (шыбын) *Құжынаған жұмыскер, Бірлескенде тым іскер. (құмырсқа) *Тор тоқуға шебер-ақ, Бірақ киім тікпейді. Өнері де өнер-ақ, Бірақ ісі бітпейді. (өрмекші) <b>Тәрбиеші сұрақтары.</b> ♦ Жұмбақ жауаптарының шешуінде айтылғандарды бір сөзбен нелер деп атаймыз? (жәндіктер) ♦ Тағы қандай жәндіктерді білесіңдер? (<i>көбелек, құрт т.б</i>) ♦ Қандай жәндік гүлдерді тозандандырады? (аралар) ♦ Көктемде жәндіктер өмірінде қандай өзгерістер болады? (көктемде жұмыртқалардан личинкалар өсіп шығады) ♦ Жәндіктер қайда тіршілік етеді? (<i>бақтарда, ағаштарда, мотандарда т.б.</i>)</p>	<p><b>Сәуір</b> <b>Серуен-Бақылау №21</b> <b>Бақылау: Ауа-райын бақылау</b> <b>Мақсаты:</b><i>Көктем мезгілінің аяғына қарай өлі табиғаттағы болатын құбылыстар туралы түсініктерін қалыптастыруды жалғастыру.</i> <b>Бақылау барысы</b> <b>Көркем сөз.</b> <i>А.Меңдібай</i> <i>Мамыр айы келгенде, Дала гүлге толады. Жайнап барлық атырап, Қызық-дұман болады. Бақиамызда біз еккен, Гүл шоқтары гүлдейді. Жапырақтар сыбдырлап, «Қандай көркем, көр»-дейді. Тәрбиеші аулаға ерте көктем көрнісі бейнеленген сурет алып шығып, балалармен әңгіме өткізеді.</i> ♦ Балалар, қараңдаршы, мына суретте жылдың қай мезгілі суреттелген?(көктем). ♦ <i>Ал, сендер суреттен не көріп тұрсыңдар?</i> (<i>қар еріп жатыр, жер су болып жатыр, балалар құстарға ұя жасап жатыр</i>) ♦ Қар неліктен ериді, адамдар неліктен жеңіл киінеді? (<i>күн жылығандықтан</i>) ♦ Ал, көктемнің бұл мезгілін қалай атаймыз? (ерте көктем) ♦ Ерте көктем мен қазіргі мамыр айындағы табиғат көнісінде, ауа-райында өзгешелік бар ма? Қандай? (балалар жауабы тыңдалады) ♦ Қазір аспан көрнісі қандай? (ашық көк) ♦ Ағаштар бейнесі қандай болды? (барлық ағаштар жапырағы жайқалып, жап-жасыл болып тұр). ♦ Қыста қар жауған кезде ауа температурасы қандай еді? ♦ Жаңбыр қандай температурада жауады?</p>	<p><b>Сәуір</b> <b>Серуен-Бақылау №22</b> <b>Бақылау: Гүлзарды бақылау</b> <b>Мақсаты:</b> — Көктемгі гүлзар туралы түсініктерін кеңейту; — Өсімдіктерді күту, суғару іскерліктерін тиянақтау; — Табиғатты сүюге, әсемдігін сезінуге тәрбиелеу. <b>Бақылау барысы</b> Тәрбиеші сұрақтар қойып, әңгімелесу жүргізеді ♦ Қандай үй гүлдерін білесіңдер? ♦ Қандай дала гүлдерін білесіңдер? ♦ Олардың қандай айырмашылығы бар? ♦ Сендерге қандай гүлдер ұнайды? Неге? ♦ Сендердің үйлерінде гүл бар ма? Қандай? ♦ Оларды қалай күтесіңдер? ♦ Гүлді отырғызбас бұрын не істеу керек? ♦ Біздің гүлзарға отырғызуға арнап топта өсіріп жатырған гүлдеріміз қалай аталады? ♦ Гүлдер жақсы өсіп, гүлдеуі үшін не істеуіміз керек? ♦ Осы кезде бізге гүлді неге аулаға отырғызуға болмайды? ♦ Неге кейбір гүлдер көпжылдық, кейбіл гүлдер бір жылдық деп аталады? <b>Еңбек</b> Гүл егетін алаңда жұмыс (тазалау, қопсыту). <b>Мақсаты:</b></p>
----------------------	---	---	--	---	--

	<p>Бақбақты ең қажет дәрілік өсімдік ретінде сақтап, қорғау керек. Балаларға сұрақтар.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>◆ Бақбақ гүлінің түрі қандай??</li> <li>◆ Ол жылдың қай мезгілінде әдемі болып көрінеді?</li> <li>◆ Бақбақтың қандай лақап аттары бар?</li> <li>◆ Бақбақты неге дәрілік өсімдік дейміз?</li> </ul> <p><b>Зерттеу жұмысы:</b> Бақбақтың сабағын кесіп, сүт сияқты сұйықты қарау. <b>Еңбек.</b> Гүл егілген алаң айналасын тазалау. Мақсаты: Үлкендерге көмек беруге, үлкендер еңбегін бағалауға тәрбиелеу.</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>◆ Көлеңке, ылғал жерлерге әлі шөп шықпаған, неге? (өйткені ло жер әлі салқын)</li> <li>◆ Мамыр айындағы жаңбырдан соң шөптерде қандай өзгерістер болады? (<i>олар бұрынғыдан да жасылдана түседі</i>)</li> <li>◆ Мына өсіп тұрған өсімдік қалай аталады? (<i>жолжелкен</i>)</li> <li>◆ Оны неге олай атаған?</li> </ul> <p>◆ Жолжелкеннің қандай көмегі бар, кім біледі? <b>Зерттеу жұмысы</b> Лупа арқылы жолжелкен жапырақтарын қарау, ерекшеліктерін табу. Өгейшөппен жолжелкеннің айырмашылық-тары мен ұқсастықтарын айыру. <b>Еңбек:</b> Ойын алаңын тазалау. <i>Мақсаты:</i> бірлесе еңбек етуге, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. .</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>◆ Қандай жәндіктердің пайдасы бар? (<i>ара, жібек құрты, құмырсқа</i>).</li> <li>◆ Қандай пайдалы жәндік орман, тоғайларды зиянды жәндіктерден қорғайды? (құмырсқа)</li> <li>◆ Масаларды неге зиянды жәндік деп атайды? (олар әртүрлі ауруларды тасиды)</li> <li>◆ <b>Зерттеу жұмысы</b> Қанқызын тауып, оның атын атау. Құмырсқалар «соқпағын» табу, бақылау. <b>Еңбек:</b> Алаңды қоқыстардан тазалау. <i>Мақсаты:</i> үлкендерге көмек беруге, үлкендер еңбегін қадірлеуге тәрбиелеу.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>◆ Көктемнің соңғы айында табиғатта қандай өзгерістер болды?(күн шуағы молайды, гүлдер шықты, шөптер өсті, ағаштар жасыл жапыраққа малынды).</li> </ul> <p><b>Еңбек</b> Кішкентайлар алаңын қоқыстардан тазалауға көмектесу. <i>Мақсаты:</i> кішкентайларға көмектесу, еңбекке деген құлшыныстарын арттыру.</p>	<p>— Бірлесе жұмыс істей білу іскерліктерін тиянақтау; — Гүлдердің өсуі туралы білімдерін қалыптастыру.</p>
<b>Серуеннен оралу</b>	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру
<b>Балалармен жеке жұмыс (ЕБҚЕ)</b>	Көктем мезгілінің белгілерін үйрету	Мақал-мәтел:  Дана көптен, дәрі шөптен.  Құнарлы шөп, қосымша сүт	Көктем киім үлгілерін білуге үйрету	Көктем мезгіліндегі адам еңбегімен таныстыру	Көктем мезгіліндегі ауа райы құбылыстары жайлы бачндауға үйрету
<b>Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітап-тарды қарау және басқалар)</b>	<p>Қимылды ойын «Өз гүлінді тап».</p> <p>Мақсаты:</p> <p>— түстерді айыра білуге, белгі бойынша әрекет етуге үйрету.</p> <p>Жаттығу ойыны. Қимылдарын дамыту</p> <p>Мақсаты:</p>	<p>Қимылды ойын: «Бәйге».</p> <p>Мақсаты: жеңіске деген құштарлықтарын арттыру, жылдамдықтарын дамыту.</p> <p>Жаттығу ойыны: Дыбыстар арқылы жүру</p>	<p>Қимылды ойын «Аюлар мен аралар».</p> <p>Мақсаты: кеңістікте жүкіру, ұстап алуға, ұстатпауға тырысу. Ептілікке, жылдамдыққа баулу.</p> <p>Жаттығу ойыны: Қимылдарын дамыту.</p>	<p>Қимылды ойын</p> <p>«Үшінші артық».</p> <p>Мақсаты: ойын ережесін сақтап ойнауға, аңғарымпаздыққа баулу. Ұлттық ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру.</p> <p>Жаттығу ойыны</p>	<p><b>Қимылды ойын</b></p> <p>«Қай топ тез жиналады?».</p> <p><b>Мақсаты: жүкіруге жаттықтыру.</b></p> <p><b>Жаттығу ойыны «Құлап қалма».</b></p>

	- Қимыл белсенділіктерін арттыру; Ұзындыққа секіруге жаттықтыру.	Мақсаты: тепе-теңдікті сақтау, берілген дыбыс ырғағына қарай қимыл жасау.	Мақсаты: жүкіру техникаларын жақсарту.  Халық болжамы: күзде құмырсқа илеуі биік болса, қыс ұзақ әрі қатты болады	Қимылдарын дамыту.  Мақсаты: —Допты берілген бағытқа қарай оң және сол қолмен лақтыруға жаттықтыру;  —Қозғалыс координацияларын сақтау;  Мақал-мәтел  -Сәуір айы-су айы,  Мамыр айы- гүл айы.  -Көктемгі жауын артық болмас.	<b>Мақсаты: бөрене үстімен жүруге жаттықтыру.</b>  <b>Мақал-мәтел:</b>  <b>- Әр гүлдің иісі әр басқа.</b>  <b>-Гүл-араға, бал-балаға.</b>  <b>Қызыл гүл көзге алыстан шалынар.</b>
<b>Балалардың үйге қайтуы</b>	<i>Ата –аналарға кеңес</i>  Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз- жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	<i>Ата –аналарға кеңес</i>  Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз- жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	<i>Ата –аналарға кеңес</i>  - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.	<i>Ата –аналарға кеңес</i>  Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз- жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	<i>Ата –аналарға кеңес</i>  - баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзіңше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.

